

- 4 Райан Майкл “Әдебиет теориясы: Кіріспе” - Алматы: “Ұлттық аударма бюросы” қоғамдық қоры, 2019. – 292 б.
- 5 Әдебиет теориясы: Антология. 4-том/Джули Риквин мен Майкл Райанның редакциясымен. – Алматы: “Ұлттық аударма бюросы” қоғамдық қоры, 2019. – 452 б.
- 6 Әдебиет теориясы: Антология. 2-том/Джули Риквин мен Майкл Райанның редакциясымен. – Алматы: “Ұлттық аударма бюросы” қоғамдық қоры, 2019. – 372 б.
- 7 Жетібай Р.Қ. «Ж. Нәжімеденовтың “Азамат ауылы” және “Әйелдер” әңгімесіндегі әйел бейнесі. - ХАБАРШЫ “Филология ғылымдары” сериясы, №4(74), 2020
- 8 А. Байтұрсынов. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 448 б
- 9 <https://www.islamdini.kz/articles/904->
- 10 Жанұзақова Қ.Т. Әдебиеттануға кіріспе. – Алматы: “Мерей” баспасы, 2015 – 276 б.
- 11 Төлеуова Р. 29 июня 2020 https://tengrinews.kz/Kazakhstan_news/ataulyi-aleumettk-komek-alu-ushn-ajyiraskandar-sanyi-arttyi-406697/

References:

- 1 Jumeken Najimejenov. Tolyk sygarmalar jinagy. 6 – tom. Almaty: “Kazygurt” baspasy, 2012. 488 b.
- 2 JanuzaKova K.T. Adebiettanuga kirispe. – Almaty: “Merei” baspasy, 2015. – 276 b.
- 3 Z. Kabdolov. Soz oneri. – Almaty: “Kazak universiteti” 1992. – 352 bet.
- 4 Raian Maikl “Adebiet teoriasy: Kirispe” - Almaty: “Ultyk audarma burosy” Kogamdyk Kory, 2019. – 292 b.
- 5 Adebiet teoriasy: Antologia. 4-tom/Juli Rikvin men Maikl Raiannyn redaksiasymen. – Almaty: “Ultyk audarma burosy” Kogamdyk Kory, 2019. – 452 b.
- 6 Adebiet teoriasy: Antologia. 2-tom/Juli Rikvin men Maikl Raiannyn redaksiasymen. – Almaty: “Ultyk audarma burosy” Kogamdyk Kory, 2019. – 372 b.
- 7 Jetubai R.K. «J. Najimedenovtyn “Azamat auuly” jAne “Aielder” Angimesindegi Aiel beinesі. - HABARSY “Filologia gylymdary” seriasy, №4(74), 2020
- 8 A. Baitursynov. Sygarmalary. – Almaty, 1989. – 448 b.
- 9 <https://www.islamdini.kz/articles/904>
- 10 JanuzaKova K.T. Adebiettanuga kirispe. – Almaty: “Merei” baspasy, 2015 – 276 b.
- 11 Toleuova R. 29 iunA 2020 https://tengrinews.kz/Kazakhstan_news/ataulyi-aleumettk-komek-alu-ushn-ajyiraskandar-sanyi-arttyi-406697/

МРНТИ 17.82.09

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.39>

Зайкенова Р.,¹ Сағымбекова Ф.²

^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

“АБАЙ ЖОЛЫ” РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ КӨРКЕМ КОНЦЕПТ

Аңдатпа

Абайдың 50 жылғы саналы ғұмыр жолын танытатын “Абай жолы” романында ұлттық идея мен ұлттық мүддені, ұлттық талғам-түсінік пен ұлттық психологияны тереңнен тартып, өмір шындығы мен көркем шындық тиянақты тұжырым табады. Осы арқылы шығармада Хакім Абайдың кесек тұлғасы сомдалады. Көркем концепт ұлттық болмыстың өзіндік ерекшелігімен айқындалады. М.Әуезов қолданған әдеби сөз қолданысы халқымыздың бай тілдік қазынасын көрсетеді. “Абай жолы” роман-эпопеясынан қазақ халқының күнелту салты мен әдет-дағдысына қатысты концептілердің барлық түрін кездестіруге болады. Мысалы, некеқияр, ұрын бару, ас өткізу, қонақасы беру т.б. сияқты салт-дәстүр түрлері мен саятшылық пен аң аулау кәсібінің көптеген түрлері романда кеңінен сөз болады. Мақалада ұрын бару концептісі ұлттымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрі екендігі туралы айтылып, ғылыми түрде тұжырымдалады.

Түйін сөздер: концепт, когнитивтік, ұлттық құндылық, таным, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұрын бару

Zaiknova R.,¹ Sagymbekova F.²

^{1,2} Kazakh National Women's Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

ARTISTIC CONCEPT IN THE EPIC NOVEL "Path of Abay"

Abstract

In the novel "The Path of Abay", which reveals the way of Abay's conscious life for 50 years, the national idea and national interests, national tastes and national psychology are deeply formulated in the realities of life and artistic reality. In this way, the work depicts the personality of Hakim Abay. The artistic concept is determined by the originality of national identity. The use of the literary word used by M. Auezov reflects the rich language of our people. In the epic novel "The Path of Abay", one can find all kinds of concepts related to the customs and traditions of the Kazakh people.

For example, such types of rituals as marriage, uryнбару, food, hospitality, etc., as well as many types of hunting and hunting activities are widely mentioned in the novel. In the article, it is scientifically formulated that the concept "uryн baru" is a long-standing tradition of our nation.

Keywords: concept, cognitive, national values, cognition, customs, traditions, uryн baru

Зайкенова Р.,¹ Сагымбекова Ф.²

^{1,2} *Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан*

ХУДОЖЕСТВЕННАЯ КОНЦЕПЦИЯ В РОМАНЕ-ЭПОПЕЕ "АБАЙ ЖОЛЫ"

Аннотация

В романе "Путь Абая", отражающем пятидесятилетний период жизни Абая, национальная идея и национальные интересы, национальные вкусы и национальная психология глубоко укоренены в реалиях жизни и художественной реальности. Таким образом произведение изображает личность Хакима Абая. Художественная концепция определяется спецификой национальной идентичности. Использование литературных слов М. Ауэзовым отражает богатое языковое наследие нашего народа. В эпическом романе "Путь Абая" можно найти всевозможные концепции, связанные с обычаями и традициями казахского народа. Например, брак, урынбару, обед, ужин и т. д. подобные обычаи, многие виды хижин и охоты широко обсуждаются в романе. В статье научно утверждается, что понятие концепта "урын бару" - древняя традиция нашего народа.

Ключевые слова: понятие, познавательный, национальные ценности, познание, обычаи, традиции, урын бару

Кіріспе. М.Әуезовтің "Абай жолы" роман эпепеясындағы тарихи шындық пен көркем шындықтың концептілік әлеміне бойлау ұлттық құндылықтарымызды терең тануға жол ашады.

Концепт ұғымы когнитивті лингвистиканың зерттеу нысаны ретінде әрі акустикалық және заттық-жағдаяттық бейнелер тоғысуынан мағыналық семантиканы талдау тәсілі ретінде ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап, кең етек жая бастады. Бұл тұрғыдан алғанда А.С.Аскольдовтің "Концепт и слово", Л.В.Миллердің "Художественный концепт как смысловая и эстетическая категория", В.Г.Зусманның "Диалог и концепт в литературе. Литература и музыка"; "Концепт в системе гуманитарного знания", М.Тернердің "The Cognitive Study of Art Language, and Literature", Ю.С.Степановтың "Концепты. Тонкая пленка цивилизации", Е.В.Лозинскаяның "Литература как мышление: когнитивное литературоведение на рубеже ХХ-ХХІ веков", Л.В.Сафронованың "Междисциплинарные аспекты когнитивной поэтики", Н.В.Володинаның "Концепты, универсалии, стереотипы в сфере литературоведения", "Концепт в системе когнитивного литературоведения: опыт методологического подхода", Қ.Рысберггеннің "Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздері", А.Әмірбекованың "Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі" (М.Мақатаев поэзиясы бойынша) т.б. ғалымдардың көркем концепт туралы тұжырымдарының маңызы зор. Осы қатарда концептілік ұғымдарды тілдік тұрғыдан қарастырған Ә.Қайдар, М.М.Копыленко, Ж.Манкеева, Н.Уәли, Ғ.Смағұлова, Э.Оразалиева, А.Ислам т.б. ғалымдарды атауға болады.

Әдістеме. "Абай жолы" романындағы халықтың рухани мәдениеті мен рухани өмірі кең тұрғыда бейнеленгені белгілі. Әсіресе халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрып үлгілері романда тұтас концептосфераны құрайды. Мұндағы концепті этнография, ру тартысы, жер-су, құт, атамекен, ата-ана, музыка, дін, кейіпкер т.б. макроконцептілер өрісінде айқындалады.

Сондай-ақ романдағы концепті фрейм, ассоциация, символ, образ, скрипт, сценарий, ирония, эпитет, теңеу т.б. когнитивтік құрылымдар негізінде көрініс табады: фрейм – қазақ этнониміне қатысты оң және теріс бағалаушылық мәндер; сценарий – туындыға сюжет ретінде тартылған оқиға-эпизод топтамалары аясында танылатын қазақ халқының ұлттық бейнесі, инвариант (жаңғырып отыратын әдебиеттегі тұрақты кейіпкерлер) образдар – Абай, Құнанбай, Зере, Ұлжан, Тоғжан, Әйгерім, Барлас (Дулат Бабатайұлы), Байкөкше ақын т.б. Осы арқылы оқырман ойлануға, қиялдауға, сөздің эмоциональдық мәнін түсінуге мүмкіндік алады. Концептер жеке, микроконцептер, макроконцептер, ұлттық, өркениет концептері деген концептосфераны құрайды.

“Танымдық концепт жалпы түсінік беру, ұғым беру қызметін атқаратын сөздер тобын құраса, көркем концепт – бейнелі сипат беру қызметін атқаратын сөздер тобы” [1, 78].

Танымдық концептісіне жалпылық сипат тән болса, көркем концептісіне жекелік сипат тән. “Концепттер концептуалдық жүйе құрай отырып, әлемді адамның басында, санасында, танымында көрсетеді, ал адам тілінің таңбалары осы жүйенің мазмұнын білдіреді” [2].

Танымдық концепт пен көркем концептінің өзара ұқсастықтары мен ерекшеліктерін зерттеушілер былай топтастырады:

1) Танымдық концептісіне жалпылық, көркем концептісіне жекелік сипат тән.

2) Таным концептісінде сезім, қалау сияқты иррационалдық құбылыстар аз қатысады, көркем концептіде кешенді құбылыс басым, онда ұғым тудыру, түсінік қалыптастыру, сезім, эмоция байқату, еркін бейнелеу әрекеттері араласып жатады.

3) таным және көркем концептілердің айырмашылығы ондағы ақиқаттың болу, болмау мүмкіндігінде.

4) Таным концептісінде берілген ұғым ақиқатқа негізделеді және логика заңдарына сүйенеді. Ал көркем мәтіннің элементтері бөтен біреудің логикасына, көркем ассоциативтіліктің шынайы прагматикасына фиксация, жалған ойлау әрекетіне негізделеді.

Бірақ көркем концептіде заңдылық пен талап болмайды деп түсінбеу керек. Ондағы заңдылық жеке тұлғаның өз заңы, өз талабына негізделеді [3, 80].

Нәтижелер. “Абай жолы” романындағы ұрын бару концептісі үш деңгейде көрініс береді: әлеуметтік-мәдени, когнитивтік, бейнелілік (символдық).

1) Әлеуметтік-мәдени деңгей:

Құнанбай Алшынбай мен Тінібек құдаларынан және “Тасболат руының ішінде Байтас басынан қатты тілеулестік” көргенін айта келіп, Байтастың жас қызын Оспанға айттырғанын Сөйтіп тентек Оспанға Байтастың Еркежан деген қызы қалыңдық боп аталыпты. Үй іші, әсіресе, шешелер күліп, мәз боп, Оспанның аяғына тұсау түскенін өзіне естірту, түсіндіру жайын ойлап» күліседі. Осы байлаумен қатар, Құнанбай енді Ұлжанның басқа екі баласы туралы да жаңалық айтты. Оның біреуі – Тәкежан туралы. Былтыр ұрын барып келген Тәкежан енді осы жақында үйленбек. Қайны болса, бар малын алған. Енді несіне созады? Соның отауы түссін. Екінші, әсіресе, осы отырған барлық үй ішіне шынымен үлкен қам болатын нәрсе – Абайды қайындату. Өйткені “Алшынбайдың жазғы жайлауы ары шалқып, ұзап кетеді. Бару-келудің жолы алыстап, мойны қашықтаған соң, жүріс ауыр болады”. Сондықтан көктем айы болса да, бес-алты күн ішінде қам жасауды, “Төркініне өзің бастап бар балаңды!” – деп, Алшынбай аулына баруды Ұлжанға бұйырады [2]. “Осы әңгіме шыққан соң, үй ішінің барлық кеңесі, ақыл, мәслихаты сол Алшынбай аулына ұялмай, орнына сай ғып бару турасында болды. Байлаған байлауын көп ырғап, көп көпсіте бермейтін Құнанбай сол жерде баратын кісілер жайын, апаратын аяқты мал, жыртыс жайын, ақша, пұл, күміс қазына жайын кесіп-кесіп, өзі айта бастады... Өйткені жыртыс болсын, толып жатқан ырым, ілу болсын, барлығын да осы арада бір сөйлескен соң, екшеп алысу керек. Ұлжан соның бәрін атап айтып, анықтай бастаған. Баратын қара малды айтқанда: жетпіс жылқы, отыз түйе аталды. Құнанбайдың құласы мен жирені деп, жұрт аңыз қыла береді. Алшынбай аулынан аяры жоқ. Сол себепті: жылқының ішіне бір құла айғыр, бір жирен айғырдың үйірі кірсін. Басы сол болсын дескен. Осыдан арғы үлкен эзірлікті тілейтін – жыртыстың бұл матасы. Оған дәл осы түнде Семей қаласына Ызғұтты мен Құдайберді жүретін болды. Қалада Тінібекпен ақылдасып отырып, төрт күннен қалмай барды алып, қайта жетуге бұйрық болды”. Үлкендердің осы кеңесіне бала атаулыдан жалғыз Құдайберді ғана қатысады. Өзге балаларды қатыстырудың өз тәртібі бар.

2) Адамның білімі мен түрлі ақпараттарды қабылдауына қатысты процесс когнитивтік немесе когниция деп аталады. Оларға “интеллектуалды”, “менталды” терминдері синоним бола алады.

Ал Алшынбай жағы да құдаларды салтанатпен қарсы алады. “Бұл той Алшынбайдың үлкен той етем деген бір мерекесі екен. Жиылған қонақтардың аттары топ-топ. Үйірім-үйірім қара нөпір болып көрінеді. Жалғыз сол аттардың өзі де бір қос жылқыдай. Әсіресе, үлкен белгі, тойға тігілген үйлер. Солар саны елу-алпыс. Алшынбай ауылынан бір шақырымдай жоғары қалың көк шалғынның ортасына ұзыннан-ұзақ екі қатар болып тігіліпті. Ас піскен жер ол үйлердің маңында емес, жаңа Абайлар шыққан ауылдың шетінде. Қазір сол ас басынан анау алыстағы қонақ үйлерге қарай күтушілер жосылып жатыр. Күтушінің бәрі де ат үстінде. Бастарын ақ шытпен кертте байлап алған аспазшылар жиырма шақты жігіт” [3, 265].

Символикалық: *Құдалық, Құда түсу, Құдаласу.*

Талдау. Әкелген қалың малдың басы – Алшынбайдың өзіне арналған кесек күміс *бесік жамбы*. Бұл киітке орай ілу деп аталып еді. *Киім* – құдаға тартылатын арнайы сыйлық. Қазақ тұрмысында ақша орнына қолданылып, әртүрлі формада қорытылған күміс жамбы жөн-жоралғының басы саналған. Жамбының формасы мен көлеміне қарай “айтұяқ, қойтұяқ, тайтұяқ” деген түрлері болған. Ұлжан апарған жамбы – осы аталған жамбылардың ең төресі. Келген жылқы, түйеден басқа жыртыс матаның өзі екі атан түйеге артылады. Оның ішінде бірер сандық келінге жасау тігілетін батсайы, мақпал, манат, дүрия, шағи сияқты қымбаттарға толы болса, өзге теңдер – шапан, камзол, көйлек, шаршы сияқты құда-құдағилар сыбағасы.

Ежелден келе жатқан әдет бойынша күйеу жігіт бас киіміне үкі тағып, қызыл манат шапан мен биік өкше етік киіп ел бірден танитындай, ерекшеленуі керек. Абай бақсы-құшнашқа ұқсап кетем деп кигісі келмеген кезде, “Кәрі әже әншейінде Абайдың дегеніне көне берсе де, бұл тұста ырық бермей, қатты бұйрық” етеді:

– Ата-бабаң жолы осы. Барған елің сені кінәламайды. “Әкесі – күйеу, шешесі – қалыңдық болмаған ба?” деп, бізді мінейді. Ки! – деп, дәл аттанар жерде Абайға жаңағы күйеу киімінің бәрін кигізеді. Ауылдан шығысымен Абай “Тобықтыға күйеу емеспін ғой” деп Ұлжаннан рұқсат сұрап, құдаларға тақағанда қиетіндігін айтып, күйеу киімін шешіп тастайды. Соның өзінде “әлдеқашан үйленген” қасынан бір елі ұзамаған Жұмағұл атшабар қанша айтса да, кимей қойғанмен, Алшынбай аулының келіншектері “Қой шырағым! Тобықты тымағын аулында киерсің. Біздің аулымызда күйеу тымағымен жүр” деп бұйыра айтып, қайта кигізеді” [4].

Абайдың бұл келісі: ұрын келу деп, жыртқыс сала келу деп, кейде есік көре келу, қол ұстау деп те аталады. Ең алдымен алғашқы келіс осы. Өзге келістердей емес, күйеу бұл жолы алғашқы күндерде талай нәрсеге көндіге білу керек. Сол өзгешеліктің үлкені – қалыңдықты оңай көрсетпеу. Екі жақтан табысқан ата-ана әуелі осы келудің үлкен тойын жасау керек... Сол тойдың артынан барып қана қол ұстау кеші болады.

Ұрын бару – жігіттің қалыңдығымен оңаша кездесу салты. Негізінде атастырып қойған қалыңдығымен оңаша кездесу салтына мол сыйлықпен жігіттің жеңгелері мен жақын-жуық ағайындары, достары ғана барған. Қыз беретін жақ күйеуге арнайы үй тігіп, екі жасты жеке орналастырған. Ұрын барғанда қалыңдық жағы ойын-сауық ұйымдастырып, күйеудің риза болып аттануына аса мән бере қараған. Осы ұрын баруда күйеу мен қалыңдық бірін-бірі ұнатпай қалған жағдайда мәселені екі жақтың үлкендері шешкен. Бірақ мұндай жағдай сирек орын алған. Ал мұнда Абайдың ұрын баруы жер шалғай болғандықтан, некеқияр салтымен қоса жасалады [5, 231].

Некеқияр – үйленушілердің ерлі-зайыпты болуын заңдастыру тәртібі. Бұл қыз жақта орындалған. Қазақ мұны “ақ неке” деп қасиет тұтқан. “Ақ некелі жарым” дейтін себебі – неке қию дәстүрінен шыққан сөз. Қазір бұл салт заман жаңғыруына орай мүлде басқаша сипат алып кетті. Аталмыш салт-дәстүрді орындау үшін Ұлжан 30-шақты адаммен өзі бастап, бас құдалыққа еркектердің үлкені, Құнанбайдың ең үлкен баласы іспетті Ызғұттыны алады [6,49].

Бас құда – құдалықты бастап баратын беделді, жөн білетін жасы үлкен адам [7,84].

Ұлжандар он күн өткен соң қайтып кетеді де, күйеулер бес күндей кейіндеп барып аттанады. Айрылысар кезде Абай мен Ділде бір-біріне үйренісіп, оқта-текте қалжыңдасып та қояды. “Бірақ іштей екеуі де бір-біріне қабыспайды, салқын күйде қалысты”. Үлкендер зор меженің бірі деп білетін өмір белі – ұрын бару болса, Абай 15 жасында сол межеден асады.

Қорытынды. “Концепт дегеніміз – ұлттық дүниетанымның ықшам да, терең мағыналы дүниетаным құндылықтарын айқындайтын тілде көрініс тапқан күрделі бірлік. Әр ұлттың концептілер жүйесін дүниетаным құндылықтары құрайды. Концептілер бір-бірімен тығыз байланыста болып, бір-бірінен туындап отырады. Әр қоғамның даму кезеңдерге сәйкес тіл мен мәдениет иелерінің абстрактілі концептілерді танып түсінуде өзгерістер болғанымен, негізгі мәдени, дүниетанымдық мәні өзгеріссіз ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады”. (А.Ислам) [3,12]. Жалпы көркем концепт терминін қазақ әдебиеттануда зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығы айқын. Ал М.Әуезовтің “Абай жолы” романы бойынша көркем концепт жекелеген мақала деңгейінде қарастырылғанымен, арнайы сөз бола қоймаған. Бұл тұрғыдан алғанда мақалада зерттеу жұмысының жаңалығы танылады. Көркем концепттің басқа концептілерден айырмашылығы және оны роман-эпопея бойынша қарастырудың өзектілігі зор.

М.Әуезов “Абай жолы” роман-эпопеясы арқылы ақын тұлғасын бүкіл әлемге танытты [8,7]. Сондықтан да қазақтың тұңғыш роман-эпопеясыан әр қырынан талдау жасау күн тәртібінен түспек емес.

Қорыта айтқанда, ХХІ ғасырда қазақ ғылымында қайта жаңғырған көркем концепт ұғымын М.Әуезовтің “Абай жолы” роман-эпопеясы арқылы қарастыру ұлттық құндылықтарымызды елеп-екшеуге, ұлттық дүниетанымды айқындауға, сондай-ақ, қазіргі заманғы қазақ романдарын когнитивтік аспектіде зерттеуге септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әмірбекова А. Көркем мәтінге концептуалдық талдау жүргізу үлгілері. // Академик Р. Сыздық және қазақ тіл білімінің мәселелері: конф. мат. – Алматы: Арыс, 2004. – 224 б.
- 2 Маслова В.А. Лингвокультурология.-М.: Академия, 2001 С.35-36.
- 3 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама). Филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2004.
- 4 Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2008. – 376 б.
- 5 Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мектеп, 2008. – 680-б.
- 6 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия (Бас ред. Ә. Нысанбаев). – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998, VII том, 2 бөлім.
- 7 Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 880 бет.
- 8 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd». ЖШС, 2005. – 656 б.

References:

- 1 Amirbekova A. Korkem mAtinge konseptualdyK taldau jurgizu ulgileri. // Akademik R. SyzdyK jAne Kazak til bilimnin mAseleleri: konf. mat. – Almaty: Arys, 2004. – 224 b.
- 2 Maslova V.A. Lingvokulturologia.-M.: Akademia, 2001 S.35-36.

- 3 Islam A. *Ultyk mAdeniet konteksindegi duniennin tildik sureti (salystyrmaly-salgastyrmaly lingvomAdeni saraptama)*. *Filologia gylymdarynyn doktory dAresjin alu usin daiyndalghan disertasia*. Almaty, 2004
- 4 Aueзов M. *Abai joly. Roman-epopeia. Birinsı kitap*. – Almaty: Jazusy, 2008. – 376 b
- 5 BuralKyuly M. *Kazak tilinin tusındırme sozdigi*. – Almaty: Mektep, 2008. – 680-b.
- 6 *Kazakstan. Ultyk ensiklopedia (Bas red. A. Nysanbaev)*. – Almaty: *Kazak ensiklopediasy*, 1998, VII tom, 2 bolim.
- 7 *Aibyn. Ensiklopedia. / Bas red. B.O.JaKyp*. – Almaty: «Kazak ensiklopediasy», 2011. – 880 bet
- 8 *Kazak mAdeniet. EnsiklopedialyK anyKtamalyK*. Almaty: «Aruna Ltd». JSS, 2005. – 656 b.

МРНТИ 17.82.30

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.40>

Иманғали Ө.¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

НЕСІПБЕК ДӘУІТАЙҰЛЫ “АЙҒЫРКІСІ” ӘНГІМЕСІНІҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

Аңдатпа

Заманымыздың заңғар жазушысы Несіпбек Дәуітайұлының әдебиетіміздегі алар орны ерекше. Оған дәлел, көптеген әдеби сыйлықтардың иегері, көзі қарақты оқырманның сұранысқа ие жазушысы. Жазушының тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда жазған шығармалары қазақ қоғамындағы түйткілді мәселердің тамырын дәл басуымен құнды. Қаламгердің басты міндетінің бірі – ұлттық мүддені шығармасына арқау ету. Автор “Айғыркісі” әңгімесін де аталған міндетті мазмұндық тұрғыдан басты объекті етіп алады. Мақалада жазушының “Айғыркісі” әңгімесіне әдебиет теориясының заңдылықтарына сүйене отырып, аналитикалық талдау жасалған. Әңгіменің тақыры бен идеясы, мазмұны мен пішіні, көркем бейнелер жүйесі, сюжеті мен композициясы, шығарма тілі мен айшықтау, ажарлау құралдарының қолданылуына зерттеу жүргізілген. Әңгімедегі модернистік, фольклорлық, магиялық сарындардың детальдарына талдау жүргізілген. Авторлық концепция мен тенденцияның баяндалу жолдары талданады. Жазушының адам мен жануар байланысының көркем шығармадағы қолданысын мақсаты түсіндірілген. Әулие, кие, символ, құрбандық (сурализм) мотвтерінің әңгімедегі қолданысына баға берілген. Кейіпкерлердің дәріменсіздік эстетикасына талдау жасалған. Әңгіме мазмұнындағы жақсылық пен жамандық концептісінің берілу жолдары талданған. Сол арқылы әңгіменің эстетикалық құндылығын, көркемдік әлемі, стилдік сипаты айқындаған.

Түйін сөздер: әңгіме, сурреализм, кие, мифопоэтика, кейіпкер, кие, жылқы

Imangali O¹.

¹ *Kazakh National Pedagogical University named after Abai,*
Almaty, Kazakhstan

THE ARTISTIC WORLD OF NESIPBEK DAUITAYULY'S STORY “АЙҒЫРКІСІ”

Abstract

The great writer Nesipbek Dauitayuly occupies a special place in our literature. Evidence of this is the owner of many literary awards, a sought-after writer. The writer's works, written in the years following independence, are valuable because the problems of Kazakh society are rooted in them. One of the main tasks of the writer is to familiarize himself with the work of national interest. The author takes upon himself the story “Айғыркісі”, which makes this task the main one in terms of content. The article provides an analytical analysis of the story of the writer “Айғыркісі”, based on the laws of the theory of literature. The study of the subject matter, content and form of the story, the system of artistic images, plot and composition, the language of the work, the use of means of expression, grinding has been carried out. The story analyzes the details of modernist, folklore, magical motives. The ways of presenting the author's concept and trends are analyzed. The author explains the purpose of the use of human-animal contact in a work of art. The analysis of the characters helpless aesthetics is carried out. The ways of conveying the concept of good and evil in the content of the story are analyzed. Thus, they determined the aesthetic value, the artistic world, and the stylistic nature of the narrative.

Keywords: history, surrealism, sacred, mythopoetics, character, horse